



**«ЖАҢА ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның  
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-  
практической конференции**

**«СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В  
УСЛОВИЯХ НОВОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ  
РЕАЛЬНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific  
and practical conference**

**“THE SYSTEM OF STATE AUDIT IN THE CONTEXT  
OF A NEW REALITY”**

**НҰР-СҰЛТАН 2021**

**УДК 657.6**  
**ББК 65.053**  
**С23**

**С23** Сборник докладов международной научно- практической конференции «Система государственного аудита в условиях новой исторической реальности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference “The system of state audit in the context of a new reality” = «Жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудит жүйесі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: - 549 б.

**ISBN 978-601-337-598-4**

Жинаққа жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in the context of a new historical reality

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях новой исторической реальности

**ISBN 978-601-337-598-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2021

the monitoring requirements of the OIVs and for the OIV's report on the overall functioning of the evaluation system, transparency and integrity of internal controls pursuant to art. 14 paragraph 4 letter a of the Legislative Decree n. 150/2009. Given that systematic and constant monitoring can favor corrective actions, the guidelines aim at a more effective organization of the tasks envisaged by the legislation and in this sense has prepared a series of annexes for the structured collection of information by the OIVs.

The OIV monitoring process unfolds chronologically in the phases of:

a) verification of the start of the performance cycle and drafting of the performance plan by the strategic management body;

b) preparation of the annual report on the overall functioning of the internal control transparency and integrity assessment system with reference to the previous performance cycle. The report is a streamlined, clear and easily intelligible document supported by information elements, in which the OIV highlights the positive and negative aspects of the system, with the aim of highlighting critical issues and strengths and consequently presenting proposals for development and integration . The report drawn up according to the principles of transparency, reliability, reasonableness and verifiability of the contents focuses attention on organizational performance on individual performance

At the moment the honorable Renato Brunetta, on the proposal of the President Mario Draghi, has been appointed again as Minister for Public Administration for which he is working on a decree-law that introduces urgent measures to strengthen the administrative capacity of public administrations functional to " implementation of the National Recovery and Resilience Plan (Pnrr) and for the efficiency of justice.

## **МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ САЛАСЫНДА КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ**

*Абдильманова М.С., Асылбек А.Ф.*

**E-mail: [abdilmanovam00@mail.ru](mailto:abdilmanovam00@mail.ru); [akzere.asylbek@mail.ru](mailto:akzere.asylbek@mail.ru)**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Мемлекеттік аудит»  
мамандығының 3 курс студенттері, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан  
Ғылыми жетекші: Бейсенова Л.З.

### **Аңдатпа**

Мақалада Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудит мамандарын даярлау мен сертификаттау талданды. Қазіргі таңда мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласында мамандарды дайындау жан-жақты болуы тиіс. Білім беру жүйесінде оқу процесін ұйымдастырудың жаңа, неғұрлым тиімді әдістерін, нысандары мен құралдарын іздеуді және жетілдіруді талап етеді. Жоғарғы оқу орындарының негізгі міндеті- мемлекеттік аудитті дамытуға ұмтылысы бар, уақыт талабына сай білімі мен дағдыға ие, кең ауқымды ойлайтын мамандарды даярлау болып табылады. Қазақстан Республикасында

мемлекеттік аудит мамандарын даярлау жоғарғы оқу орындарында бакалавриат, магистратура және PhD докторантура бойынша жүзеге асырылады. Мемлекеттік аудиторлар білім және кәсіби деңгейлерін әрдайым жетілдіріп отырады. Осыған байланысты, мемлекетті аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметкерлері қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларында көрсетілгендей, аталған органдардың қызметкерлері үш жылда бір рет кезеңділікпен біліктілігіне арттырудан өтеді.

### **Аннотация**

В статье проанализирована подготовка и сертификация специалистов государственного аудита в Республике Казахстан. В настоящее время подготовка специалистов в области государственного аудита и финансового контроля должна быть всесторонней. Требуется поиска и совершенствования новых, более эффективных методов, форм и средств организации учебного процесса в системе образования. Основной задачей вузов является подготовка специалистов с широким кругозором, обладающих знаниями и навыками, отвечающими требованиям времени, стремящихся к развитию государственного аудита. Подготовка специалистов государственного аудита в Республике Казахстан осуществляется в высших учебных заведениях по бакалавриату, магистратуре и докторантуре PhD. Государственные аудиторы постоянно совершенствуют свой образовательный и профессиональный уровень. В этой связи, сотрудники органов государственного аудита и финансового контроля проходят повышение квалификации с периодичностью один раз в три года, как указано в правилах переподготовки и повышения квалификации.

### **Abstract**

The article analyzes the training and certification of state audit specialists in the Republic of Kazakhstan. Currently, the training of specialists in the field of state audit and financial control should be comprehensive. It requires the search and improvement of new, more effective methods, forms and means of organizing the educational process in the education system. The main task of higher education institutions is to train specialists with a broad outlook, with knowledge and skills that meet the requirements of the time, striving for the development of state audit. Training of state audit specialists in the Republic of Kazakhstan is carried out in higher educational institutions for bachelor's, master's and doctoral degrees. State auditors are constantly improving their educational and professional level. In this regard, employees of the state audit and financial control bodies undergo professional development at intervals of once every three years, as specified in the rules for retraining and advanced training.

**Түйінді сөздер:** мемлекеттік аудит, қаржылық бақылау, сертификаттау, жаңғырту, бағдарламалар, өлшемдер, бағалау.

**Ключевые слова:** государственный аудит, финансовый контроль, сертификация, модернизация, программы, критерии, оценка.

**Keywords:** *state audit, financial control, certification, personnel, programs, criteria, evaluation.*

Мемлекеттік аудит институты әлемнің барлық дерлік елдерінде бар және соңғы жылдары әсіресе белсенді дамуда. Мемлекеттік аудиттің миссиясы мемлекет пен қоғам атынан билік органдарының өздеріне сеніп тапсырылған қоғамдық ресурстарды басқару жөніндегі қызметіне тәуелсіз объективті жария бақылауды қамтамасыз ету болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін, мемлекеттік аудит мамандарының кәсіби деңгейі міндетті түрде қазіргі заманғы талаптарға сәйкес болуы тиіс. Мемлекеттік аудит жүйесін кадрлық қамтамасыз ету бірнеше бағыттардан тұрады:

- Жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде мемлекеттік аудит саласындағы мамандарды даярлау;
- «Мемлекеттік аудитор» біліктілігін алуға үміткер мамандарды сертификаттаудан өткізу;
- Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдардың қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру.

Қазіргі таңда мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласында мамандарды дайындау жан-жақты болуы тиіс. Білім беру жүйесінде оқу процесін ұйымдастырудың жаңа, неғұрлым тиімді әдістерін, нысандары мен құралдарын іздеуді және жетілдіруді талап етеді. Жоғарғы оқу орындарының негізгі міндеті- мемлекеттік аудитті дамытуға ұмтылысы бар, уақыт талабына сай білімі мен дағдыға ие, кең ауқымды ойлайтын мамандарды даярлау.

Мемлекеттік аудиторлардың білім деңгейлерін арттыру бұл ретте аяқталмайды. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мамандары әрдайым кәсібилік деңгейін арттырып, жетілдіріп отырады. Мемлекеттік аудит саласы бұрынғы алған кәсіби білімдерін, іскерліктерін және практикалық дағдыларын кеңейтіп, тереңдетіп және жетілдіріп отыруды талап етеді.


Осыған байланысты, мемлекетті аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметкерлері қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларында көрсетілгендей, аталған органдардың қызметкерлері үш жылда бір рет кезенділікпен біліктілігіне арттырудан өтеді.

Қайта даярлау мен біліктілікті арттырудың негізгі қағидаттары:

- 1) жүйелілік;
- 2) ғылымилық;
- 3) біліктілікті арттыруды өздігінен білім алумен ұштастыру;
- 4) оқытудың үздіксіздігі, сабақтастығы және бірізділігі болып табылады.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарын білікті қызметкерлермен қамтамасыз ету, осы органның қызметін жетілдіру, практикалық дағдыларды жаңарту және жаңа қажеттіліктерді қанағаттандыру қайта даярлау мен біліктілікті арттырудың негізгі міндеттері болып табылады. Осы органдардың қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында, есеп комитеті, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік

аудит комитеті және Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу орталығы семинарлар өткізеді.



### Сурет 1 - Мемлекеттік аудитор сертификаттарының түрлері

2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік аудитті жүзеге асыратын мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігі міндетті түрде мемлекеттік аудитор сертификатымен расталуы тиіс.

Сертификаттаудың негізгі мақсаты- мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдардың кәсіби, іскерлік қасиеттері мен ықтимал мүмкіндіктерінің жан-жақты және объективті сипаттамасын алу болып табылады.

Сертификаттау кезеңдерінен дәйекті және табысты өту нәтижелері бойынша Ұлттық комиссия кандидаттарға біліктілік растау туралы сертификат береді(сурет 1).

Мемлекеттік аудиторды сертификаттау білімді растау және сұхбаттасудан тұрады.

Жоғарғы санатты мемлекеттік аудитор біліктілігін беруге үміткерлер келесі біліктіліктердің бірінің болуын растайтын құжатты ұсынады: АСА (Associated Chartered Accountant), АССА (Association of Chartered Certified Accountants), СІРФА (Chartered Institute of Public Finance and

Accountancy), CIPFA public auditor (Chartered Institute of Public Finance and Accountancy Public Auditor).

Мемлекеттік аудитор және ішкі мемлекетті аудитор біліктілігін алу үшін үміткерлер тиісті пәндер бойынша емтихан тапсырады (кесте 1).

«Аудитор» біліктілік куәлігін алу үшін үміткерлер келесі 7 пән бойынша емтихан тапсырады:

- 1) бухгалтерлік есеп;
- 2) қаржы және қаржылық менеджмент;
- 3) салқтар және салық салу;
- 4) азаматтық құқық;
- 5) банк ісі;
- 6) сақтандыру және зейнетақы заңнамасы;
- 7) аудит.

Кесте-1. Мемлекеттік аудитор біліктілігін беруге емтихандар

Мемлекеттік аудитор	Ішкі мемлекеттік аудитор		
	қаржылық есеп саласында	сәйкестік саласында	тиімділік саласында
1) қоғамдық сектор үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік жасау			
2) Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес квазимемлекеттік секторда бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау			
3) сәйкестік аудиті	3) қаржылық есептілік аудиті	3) сәйкестік аудиті	3) тиімділік аудиті
4) тиімділік аудиті			
5) қаржылық есептіліктің аудиті			
Ескертпе - мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидалары негізінде жасалды			

Мемлекеттік аудиторды сертификаттау пәндері бойынша, есеп комитеті, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті біліктілікті арттыру және даярлау курстарын жүргізеді.

Үміткер емтиханды сәтті тапсырса, сертификаттау жөніндегі Ұлттық комиссияда әнгімелесуден өтеді. Ұлттық комиссия құрамы- Қазақстан

Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметі, есеп комитетінің, Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның өкілдері мен Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарынан тұрады.

Мемлекеттік аудитор біліктілігін беру үшін кәсіптік даярлық деңгейін және жеке қасиеттерін көрсеткен кандидаттарға мемлекеттік аудитор біліктілігін беру туралы сертификат беріледі.

Бас тарту себептері кәсіби, іскерлік қасиеттерінің жеткіліксіз деңгейі, сондай-ақ мемлекеттік аудиторларға қойылатын моральдық-әдептілік нормаларына сәйкес келмеуі болуы мүмкін.

Біліктілікті арттыру жүйесін толық жаңғырту мақсатында, біздің ойымызша, мыналарды орындау қажет:

- білім беру құралдарының жиынтығын нормативтік-құқықтық актілерде нақты анықтау және реттеу;
- білім беру бағдарламаларын қоса алғанда, заңнамалық, нормативтік-құқықтық базаны жүйелі түрде жетілдіру;
- мемлекеттік аудиторларды оқытудың инновациялық әдістерін енгізуді жүзеге асыру;
- оқу қорытындысы бойынша мемлекеттік аудиторларды бағалау критерийлерінің қосымша кешенін әзірлеу.

Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру шеңберінде мемлекеттік аудит кадрларын даярлау жүйесін табысты дамыту ұсынылған іс-шараларды кешенді жүзеге асыру кезінде ғана мүмкін болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидалары: Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 19–НҚ бірлескен нормативтік қаулысымен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 602 бұйрығымен. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 желтоқсанда № 12573 болып тіркелді. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012573>

2. Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттаудан өткізу қағидалары: бекітілген. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2006 жылғы 26 шілдедегі № 273 бұйрығымен. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V060004354>

3. Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидалары: бекітілген. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 22–НҚ нормативтік қаулысымен. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012720>

## **ПОДГОТОВКА НАУЧНО- ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ В ОБЛАСТИ ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА**

*Бейсенова Л.З*